

М.М. ТАСТАНБЕКОВ¹✉, Г.М. СЫЗДЫҚОВА²¹тарих ғылымдарының кандидаты,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: murat.tastanbekov@ayu.edu.kz<https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>²философия ғылымдарының кандидаты,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru

ЖОЛБАРЫС ХАН ӨМІРІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа. Қазақ тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған тарихи тұлғаларымыз аз болмады. Дегенмен олардың өмір жолы туралы қайшы мәліметтер де жиі кездесіп жатады. Қазақ хандары арасында өзіндік орны бар Жолбарыс Абдоллаұлының өмірі де дәлелді деректердің аздығынан өзіндік құпияларға толы. Мақалада Жолбарыс ханның шығу тегі, оның өмірі мен қызметі, бауырлары мен балалары туралы мәліметтер тарихи оқиғалармен сабақтастықта өзара сарапқа салынады. Оның Шыңғыс әулиетінен екендігі терістелмесе де, «шығу тегінің белгісіз» аталуының себептері талданады. Әбілхайыр ханның бауыры болды, деген мәліметтің де өзіндік дұрыс жауабын қарастарылады.

Жолбарыс ханның хандық билік басындағы қызметі, оның басқару кезеңінде орын алған саяси жағдайлар мен көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары деректермен негізделіп, талдау жасалады. Жолбарыс ханның билік құрған аймақтары мен жүргізген саясаты басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылып, тұжырымдалады. Жоңғар шапқыншылығы, Ресеймен елшілік байланыстардың орнауы мәселелері сыртқы саясаттағы басымдық ретінде талданады. Ортақ жауға қарсы бірігіп күресу нәтижесі ретінде жоңғарлардан азат етілген аймақтар аталады. Жолбарыс хан тұсындағы елдің игі жақсыларының есімдері сол уақыттағы тарихи оқиғалармен қатысты баяндалады.

Жолбарыс ханның бүкіл өмірі сияқты, оның өлімі де бірқатар болжамды пікірлер туғызғандығы айтылады. Оның жерленген орны ретінде еліміздің рухани астанасы - Түркістан қаласы аталады. Қазақтың 21 ханының мәңгілік мекеніне айналған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгендігі туралы пікір қосымша деректермен дәйектелген. Тарихи тұлғаларды ұлықтау аясында Жолбарыс ханның есімі насихатталады.

Кілт сөздер: Жолбарыс хан, Абдолла хан, Қазақ хандығы, Ұлы жүз, Түркістан, Ясауи кесенесі.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Тастанбеков М.М., Сыздықова Г.М. Жолбарыс хан өміріне қатысты кейбір мәселелер // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №4 (122). – Б. 171–183. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.15>

*Cite us correctly:

Tastanbekov M.M., Syzdykova G.M. Zholbarys han omirine qatysty keibir maseleler [Some Questions Related to the Life of Zholbarys Khan] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2021. – №4 (122). – B. 171–183. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.15>

M. Tastanbekov¹, G.Syzdykova²

¹*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat.tastanbekov@ayu.edu.kz*

²*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the South Kazakhstan State Pedagogical University (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru*

Some Questions Related to the Life of Zholbarys Khan

Abstract. There are many historical figures in Kazakh history who have left their mark. However, contradictory information about their way of life is often found. The life of Zholbarys Abdullauly, who has a special place among the kazakh khans, is also full of secrets due to the lack of evidence. The article discusses the origin of Zholbarys Khan, his life and role, his brothers and children in connection with historical events. Although it is not ruled out that he is from the Genghis dynasty, the reasons for calling him "unknown origin" are analyzed. The answer to the problem, that he was the brother of Abulhair Khan is considered.

The activities of Zholbarys Khan, the political situation during his reign and relations with neighboring countries are analyzed based on sources. The territory ruled by Zholbarys Khan and his politics are seen as one of the main issues. The Dzungar invasion and the establishment of diplomatic relations with Russia are analyzed as foreign policy priorities. The territories liberated from the Dzungars as a result of a joint struggle against a common enemy are named. The names of noble people during the reign of Zholbarys Khan are described in connection with the historical events of that time.

It is said that the death of Zholbarys Khan, as well as his whole life, caused a number of speculations. His burial place is the spiritual capital of the country - Turkestan. The opinion that he was buried in the mausoleum of Hodja Ahmed Yasawi, which became the eternal home of 21 kazakh khans, is supported by additional data. As part of the inauguration of historical figures, the name of Zholbarys Khan will be promoted.

Keywords: Zholbarys Khan, Abdullah Khan, The Kazakh Khanate, The Great Hundred, Turkistan, Yassawi mausoleum.

М.М. Тастанбеков¹, Г.М. Сыздыкова²

¹*кандидат исторических наук, доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: murat.tastanbekov@ayu.edu.kz*

²*кандидат философских наук, доцент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (Казахстан, г. Шымкент), e-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru*

Некоторые вопросы, связанные с жизнью Жолбарыс хана

Аннотация. В отечественной истории было немало личностей, оставивших свой след в истории. Однако часто встречаются противоречивые сведения об их жизненном пути. Жизнь Жолбарыс Абдуллаулы, занимающего свое место среди казахских ханов, также полна загадок из-за небольшого количества достоверных данных. В статье рассматриваются вопросы происхождения Жолбарыс хана, его жизни и деятельности, сведения о братьях и детях в преемственности с историческими событиями. Хотя не отрицается, что он из чингизидов, анализируются причины его так называемого «неизвестного происхождения». Рассматривается ответ на проблему, что он был братом Абулхаир хана.

Анализируется деятельность Жолбарыс хана, политическая ситуация в период его правления и отношения с соседними странами основываясь на источники. Территория которыми управлял Жолбарыс-хан, и его политика рассматривается как один из основных вопросов. Джунгарское вторжение и установление дипломатических отношений с Россией анализируется как приоритеты внешней политики. Названы территории освобожденные от

джунгаров в результате совместной борьбы против общего врага. Имена знатных людей периода правления Жолбарыс хана описываются в связи историческими событиями того времени.

Отмечается, что, как и вся жизнь Жолбарыс хана, его смерть вызвала ряд предположений. Местом его захоронения является духовная столица страны – город Туркестан. Мнение о том, что 21 казахский хан похоронен в мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави, который стал вечным местом жительства, подтверждается дополнительными данными. В рамках возвеличения исторических личностей пропагандируется деятельность Жолбарыс хана.

Ключевые слова: Жолбарыс хан, Абдолла хан, Казахское ханство, Старший жуз, Туркестан, Мавзолей Ясави.

Кіріспе

Түркістан қаласының өткен тарихы қазақ халқы мен қазақ хандығы тарихында алып отырған орны, өткен мен бүгінді байланыстырып отырған маңызымен де ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының: «Қасиетті Түркістан жеріне келген сайын ерекше тебіренемін. Мұнда исі қазақтың елдігі мен ертеңін ойлап, тебінгісінен тер төгіп жүріп өмір кешкен хан да, би де, батыр мен бағлан да мәңгіге тыныстап жатыр. Олардың өшпес рухы, халық үшін атқарған қайрат-жігерге толы қызметінің қасиеті әрбірімізді желеп-жебегей» [1, 5-б.], - деген пікірін Түркістан қаласының рухани орталық ретіндегі маңызына берілген баға ретінде қабылдауға болды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген тарихи тұлғаның есімін дәріптеу және өмір тарихына қатысты кейбір мәселелерді осы мақала аясында қарастыруды жөн көрдік. Қазақ хандығының төрт ғасырлық тарихында өзіндік орынға ие хандардың бірі Жолбарыс хан. Былтырғы жыл Жолбарыс хан Абуллаұлының өмірге келгенінің 330 жылдығы, сонымен қатар хан тағына келуінің 300 жылдығы кезеңдерімен сәйкес келіп отыр.

Жалпы, тарихшылар қазақ хандығын екі кезеңге бөліп қарайды. Оның біріншісі бір орталықтан басқарылған кезең деп аталса, ал екінші кезең бытыраңқы кезеңі. XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ-жоңғар қарулы қақтығыстары көп жағдайда ойраттардың үстемдігімен аяқталып, қазақ қоғамының экономикалық, саяси және басқа әлсіз жақтарын көрсете бастады. Үш жүздің басын қосып, бүкіл қазақ еліне хандық құрған Тәуке ханның заманында (1680–1718) Ұлы жүздің тікелей билеушісі Төле би болды. Тәуке хан, одан соң Болат хан қайтыс болғаннан кейін, әр жүзде хандықтар пайда болады. Ташкентте Ұлы жүздің өкілдері Жолбарыс сұлтанды хан (1720–1740 жылдары) [2, 18-б.] сайлайды.

Сондықтан да Жолбарыс хан тарихи деректерде XVIII ғасырдағы Ұлы жүздің ханы деп аталады және Жолбарс, Аувбасар, Джалбарс, Юлбарыс, Юлбарс, Dsholbars, Жолбарыс хан деген есімдермен белгілі [3, 88-б.]. Жолбарыс есімі қазақ хандары әулиетінде кең қолданылғанын, Абылай ханның өзімен бірге жоңғарда тұтқында болған інісі Жолбарыс сұлтан, Қайып ханның баласы әрі Әли ханның әкесінің есімі де Жолбарыс сұлтан болғанын тарихтан жақсы білеміз.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі әдіснамасы диалектика болып табылады. Соған байланысты диалектикалық өзара байланыс, тарихи оқиғалардың бірін-бірі толықтыруы, тарихилық, объективтілік маңызды роль атқарады. Басты ғылыми әдістеме диалектикаға сүйенген жүйелік тәсілі болып табылады. Тақырып нәтижелі, тиянақты зерттелу мақсатында анализ-синтез, салыстырмалы талдау, деректік талдау, статистикалық-математикалық, т.б. әдістер пайдаланылады. Сонымен бірге жүйелілік тәсіл арқылы индуктивті әдістерде қолданылады.

Бұл әдіс тарихи жағдайды кешенді қарауға мүмкіндік береді. Аталған әдістер ғылыми мақаланың мақсаты міндеттерін өзара байланыстыра отыра зерттейді.

Талдаулар мен нәтижелер

Жолбарыс ханның шығу тегі

Жолбарыс ханның өмір тарихындағы күрделі мәселелердің бірі оның шығу тегіне байланысты жазылған деректердегі әртүрлі мәліметтердің болуы назар аудартады. Жолбарыс ханның әкесі Абдолла жөнінде, «XVIII ғасырдағы Ұлы жүздің ханы. Туған жылы туралы нақты дерек жоқ, шамамен XVII ғасырдың 70-жылдарынан кейін емес, ал қайтыс болған уақыты шамамен 1718/19 жыл» [4, 77-б., 111-б.] деген мәлімет бар. Сондай-ақ, 2015 жылы қазақ хандарына арналып шыққан еңбекте, «Абдолла ханның шығу тегі беймәлім. Оның Шыңғысхан әулетіне жататыны күмән туғызбайды. Тарихи деректерде оның ұрпақтарынан тек Жолбарыс атты болашақ хан белгілі болып тұр. Абдолла 1712–1718/19 жылдары билік етті» [3, 61-б.] деген ақпарат береді. Абдолла ханның билігі Ұлы жүз дулат тайпалары – жаныс, сиқым, шымыр және шанышқылы, албан, сары үйсін, суан тайпаларына жүрді. Абдолла ханның иелігінде Түркістан мен Ташкент аралығында Шыршық, Шу, Талас, Арыс жазықтықтары мен Ташкентке қарасты Ферғана бөлігі болды. Орталығы Ташкент қаласы. Абдолла ханның билігі тұсында оның бауыры Қарабақ сұлтан саяси маңызды рөл атқарған [4, 111–112-бб.]. Жолбарыс ханның ұлы жүзге хан болуы мен жүргізген билігі де тікелей өз әкесінен мұрагерлікпен берілгенін көруге болады. Дегенмен Абдолла ханның шығу тегі туралы мәліметтің жеткіліксіздігі, Жолбарыс хан жөнінде де «шежіресі белгісіз» деген пікір қалыптастырды.

Жолбарыс ханның шығу тегі мен өмірі туралы ресми қалыптасқан пікірлерден бөлек мәліметтерді бірқатар еңбектерден кездестіреміз. А.Г. Оловинцев пен Г.Ж. Табулдин құрастырған шежіреде Жолбарысты Қасым хан ұрпағы ретінде келтірген, онда Қасым хан – Жәлім сұлтан – Тұрсын хан – Абдолла – Жолбарыс хан дей келе, 1720–1739 жылдар аралығында Ұлы жүзге хан болды дейді [1, 73-б.]. Тұрсын ханды Есім хан өлтірген соң, оның ұлы Абдолланы Есімнің ұлы Жәнібек хан тәрбиелейді деп келтіреді. Сондай-ақ, бұл ақпаратта Ақселеу Сейдімбектің мәліметіне сүйенгендігін жазған. Бұл шежіреде Жолбарыстың ұлдарын Әбілғазы хан мен Қошай Жолбарыс деп келтірген [5, 133–134-бб.]. Шежіре кестесіне қарағанда Қошай Жолбарысов 1770 жылы туылған, 1836 жылы болыс болған деген мәліметке қарағанда ол Жолбарысханның баласы емес. Жолбарыс ханның бір баласының аты жазылу керек орынды бос қалдырып, сұрақ белгісін қойып кеткен. Бұл авторлардың Жолбарыстың баласы Рүстемнің атын білмегендігі және Қошай Жолбарысов осы Рүстемнің баласы деп жорамалдауға негіз береді. Бұл туралы М. Миразов жазбаларында «Абдолла Ташкентке хан болған Тұрсын-Мұхаммедтің баласы. Ақназар ханның немере інісі Тұрсын Ташкентке хан болып тұрған кезінде ант аттап, ағасы Еңсегей бойлы ер Есім ханның қолынан қаза тапқан. Есім хан інісі Тұрсынды өлтіргенімен, оның баласы Абдолланы далаға тастамайды. Есім хан жас Абдолланы өз баласы Жәңгірдің (Жиһангер) тәрбиесіне береді. Осы Абдолладан Әбілхайыр және Жолбарыс туылады. Тарихта «қарт Әбілхайыр» атанған атақты сұлтан – осы Абдолланың ұлы» деп баяндайды [6, 18-б.].

Жолбарыс ханның өмір тарихындағы түрлі мәлімет айтылатын мәселелердің бірі, оның бауыры Әбілқайыр жөнінде екендігін де айта кетуіміз керек. Белгілі ғалым Т.Омарбековтың «Жолбарыс хан» атты мақаласында «Ұлы жүзге Абдолла ханның жас кезінде асырап алған баласы Жолбарыс хан болып сайланды. Кіші жүз ханы Әбілқайыр да осы Абдолланың ұлы еді. Орыс тарихшысы А.И. Левшин Әбілқайырды Аджаның баласы деп көрсетіп, өрескел қате жіберген. Оның Аджа деп отырғаны осы Абдолла хан. Абдолла қазақ хандарының кіші бұтағын бастайтын Үсекке шөбелек, яғни оның төртінші ұрпағы. Ал Үсек болса атақты қазақ хандарының бабасы Жәдік сұлтанның інісі. Осы шежіреден көріп отырғанымыз, шын мәнінде Ұлы жүзге хан болған Жолбарыс Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ағасы. Алайда олар

бірге тұмаған бауырлар» [7] деп жазады. Байқап отырғанымыздай жоғарыда аталған авторлар Жолбарыс ханның шығу тегі жайлы әртүрлі мәлімет береді. Шежіресі жөнінде бір-бірінен алшақ пікірлермен қоса, Әбілқайырды бірі ағасы, бірі інісі деп атаумен қатар екі түрлі адам жөнінде айтып жатқанынын да аңғарамыз.

М. Миразовтың жеке мәліметі бойынша Әбілқайыр жөнінде «Ұлы жүздің ханы. Әбілқайыр хан Жолбарыс ханның туған ағасы. XVII ғасырдың соңында Тәуке үш жүздің ханы болған кезінде, Абдолла Ұлы жүзге хан болады. Абдолла қайтыс болған соң оның орнына баласы Әбілқайыр хан болады. Әбілқайыр ханды даланың ауызша шежіресі де, тарихшылар да «қарт Әбілқайыр» дейді. Әбілқайыр хан 1731 ж. шайқаста қаза тапқан» деп атайды*. Олай болса, Жолбарыстың бауыры деп отырған Әбілқайыр кіші жүздің ханы болмай шығады. М. Миразов ағамыз айтып отырған «қарт Әбілқайыр» А.Г. Оловинцев пен Г.Ж. Табулдиннің «Чингизиды: династии и эпохи» қазақ хандарының шежіресінде ғана аталады.

Жолбарыс ханның билік құру кезеңіндегі саяси жағдай

1830 жылы қазақ жүздерінің феодалдық бытыраңқылық жолына бет бұрғандығын ресми түрде бекітіп берген Састөбедегі тарихи кеңесте, Әйтеке би бастаған топ ұлы хандық таққа Кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр ханды ұсынғаны белгілі. Бір жетіге созылған тартыс нәтижесіз аяқталып, үш жүздің «енші жерін» анықтап қана берді. Басқаша айтқанда, Састөбе құрылтайы қазақ елінің саяси өмірінде жаңа тарихи кезеңнің, яғни саяси бытыраңқылықтың біржола үстемдік алғандығын көрсеткен оқиға болды. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасы туралы жазған wikipedia парақшасында «Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Әбілқайырға бауыр, оның айтқанынан шықпайтын» [8] деп атап өтуі де қай деректен алынғаны белгісіз.

Әбілқайыр Мұхаммедқазы Баһадүр хан қазақ хандарының жаңа династиясын құрып, оның ұрпақтарының ішінде Қазақстан аумағында хан тағына отырған 3 ұл, 9 немере, 5 шөбересі болған. Әбілқайыр хан Қажы сұлтанның үш ұлының екінші баласы, Ырыс сұлтанның немересі, Айшуақ сұлтанның шөбересі, түбі Шыңғыс ханнан тарайды. Қазақ хандарын Жошының ұлы Тоқай Темірден тарататын ортағасырлық деректер бойынша қазақ мемлекетінің негізін қалаған Жәнібектің арғы бабалары – Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бәдіғұл (Бадик), оның ұлы атақты Орыс хан, одан Қойыршақ, одан Барақ хан, одан Жәнібек хан, одан Өсек (Усек) сұлтан, одан Бөлекей Қоян, одан Айшуақ сұлтан, одан Ырыс сұлтан, одан Қажы сұлтан, одан Әбілқайыр хан [9, 14-б.; 10, 320-б.; 11, 121–123-бб.]. Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тарататын деректер бойынша Жәнібектің арғы бабалары Орда Ежен, оның ұлы Сасыбұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай, оның ұлы Орыс хан болып келеді [12, 142–144-бб.]. Орыс ханнан төмен алдыңғы шежірелер бір бірімен сай келеді. Яғни, Әбілқайыр Жәнібек хан әулетінің кіші буыны, Өсек (Усек) ұрпағы. Қажы сұлтанның бәйбішесінен үш ұл: Тоқтамыс (1708 ж. қайтыс болған), Әбілқайыр (1748 ж. қайтыс болған), Бұлқайыр (1749 ж. кешірек қайтыс болған) болған. Әбілқайыр шамамен 1693 жылы дүниеге келіп, 1748 жылдың 31 шілдесінде дүниеден өткен. 1710 жылы хан сайланып, осы лауазымын қайтыс болғанша сақтап қалды [11, 121–123-бб.]. Осындай деректерді негізге алатын болсақ кіші жүз ханы Әбілқайырды Қазының емес Абдолла ханның баласы еді деген пікір қисынға келмейді.

Талас Омарбековтың жазуынша «Жолбарыс 1690 жыл туды. Ол Әбілқайырдан бір жас қана үлкен еді. Бұлай болатын себебі, о баста Жолбарысты бұған дейін кіндігінен бала көрмеген Абдолла хан асырап алды. Десек те, Жолбарысты қарадан шықты демесең, шығу тегі жақсы еді. Ол Арғын Қуандығындағы Темеш руының белгілі биі Нұрқожаның немересі болатын» [7]. Автордың аталған пікірлерін дәлелдей түсетін Қазыбек бек Тауасарұлының жазбасынан басқа мәліметіміз болмағандықтан бұл мәселені бір көзқарас ретінде қалдырып

* Ақпарат беруші Миразов Мұхитхан Үмбетұлы – тарихшы, «Қазақтану» республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры

отырмыз. Қызығушылық танытып жатқандар болса, 2015 жылы жарық көрген мақаласымен таныса алады.

Жолбарыс хан шамамен 1690 жылы дүниеге келген. 1719 жылы әкесі Абдолла хан қайтыс болғаннан кейін, 1720 жыл мен 1740 жыл аралығында билік құрған. Ташкенттік Нұрмухаммет Әлімовтың қазақ хандары туралы 1735 ж. хабарында мынадай мәлімет бар: «а нынешний Жолбарс-хан, лет с пятнадцать ханом, отроду ему около сорока пяти лет, а с отцом его Абдуллою-ханом и с Русаном-ханом был дядя его родной Карабак первым салтаном. У Жолбарс-хана два сына» делінеді [13, 25-б.]. Жолбарыс ханның әйелі Жәңгір ханның қызы болған [5, 326-б.]. Екінші мәліметте, Жолбарыс хан ташкенттік сарттың қызына үйленген. Басқа әйелдері туралы мәлімет жоқ, Жолбарыс ханның екі ұлы болған. Бірі болашақ хан Әбілғазы (Абулғазы, Аблязи, Әбіліз хан), екінші ұлы Рустем хан, оның ұлы Есмандыр хан, Есмандыр ханның ұлы Мамут хан, Мамут ханның ұлы Ханбаба хан [4, 111–112-бб.]. Орыс деректері бойынша екінші ұлының аты Абылай болған [5, 181-б.]. Бұл ұлы сұлтан дәрежесінде қалып Ұлы жүздің бір топ тайпаларын басқарды. Әбілғазы Ташкентте 1740–1741 жылдар аралығында билік еткен [4, 114-б.]. 1741 жылы Хиуа ханы Тахир кісі қолынан қаза тапқаннан соң, Нәдір шахтың ұлы таққа Жолбарыс ханның ұлын – Мұхамед Әбілғазыны отырғызды [3, 95-б.]. Әбілғазы ханның саяси биліктен айырылуы мен кейінгі тарихы белгісіз.

Енді Жолбарыс ханның билік құрған аймақтары мен жүргізген саясаты мәселесіне келейік. Тәуке хан тұсында Ұлы жүзге Төле би түбегейлі билік етті. Ол қайтыс болғаннан кейін, XVIII ғасырдың қырқыншы жылдарында Ұлы жүздің шағын бөлігі мен руларын Ресей қарамағына қосқан Жолбарыс хан болды. Бірақ, ұлы жүздің қонысы тым қашық болғандықтан, XIX ғасырдың аяғына дейін орыс патшалығы үкіметінің құрығы онша жетпеді [2, 23-б.]. Шамамен 1720 жылдан бастап Ұлы жүз тайпаларын Жолбарыс хан басқара бастады, оның тұрақты ордасы Ташкент қаласында, ал жайылымдық жері аймақтың оңтүстігінде, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларында, сондай-ақ Ташкент пен Түркістан аралығындағы жерлер болды. 1730–39 жж. оған Ташкентпен қатар Сайрам, Шымкент, Чадак, Ходжикент, Нушба, Намдак, Паркент, Заткент, Қарамұрт, т.б. Келес, Шыршық, Ахангаран өзендері бойындағы қалалар мен елді мекендер тәуелді болды.

Ол билік құрғанда Ұлы жүз биі Әлібекұлы Төлеге арқа сүйеді. Жоңғарлармен болған азаттық соғыста әскербасылардың бірі болды. Жоңғарлардың төтеннен жасаған шабуылы қазақ халқын қанды қырғынға ұшыратты. Осындай жағдайда қазақ хандары мен сұлтандарының үлкен таққа деген таласы, аға хан болып Болаттың үшінші ұлы Әбілмәмбет сайлануы хан тағынан үміткерлер Әбілхайыр бұған наразы болып, майдан шебінен әскерін алып кетті. Хандықтың заңды мұрагері болуға лайық Сәмеке де Шу бойымен Бетпақдалаға қарай өз әскерімен шегінді. Бұл реніштердің салдарынан жоңғарларға қарсы майдан шебі әлсірей бастады. Ұлы жүз ханы Жолбарыс өзі билеген қазақ рулары мен Ташкент тұрғындары атынан Жоңғар хандығын мойындауға мәжбүр болды.

1723 жылы ұлы жүздің ханы Жолбарыс өзі билеген қазақ ру-тайпалары мен Ташкент тұрғындары атынан жоңғар ханы Цеван Рабданға (1697–1727) саяси тәуелділігін мойындап, жоңғар әскербасына алым-салық төлеп тұрған [3, 89-б.]. 1726 жылдың күзінде Жолбарыс ханның Ордабасыда өткен жиынға қатысқаны туралы айтылады. Тарихи деректер бойынша, бұл кезде қазақ даласына аты әйгілі Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Бәсентиін Малайсары, Тайлақ батыр, Өтеген батыр жер-жерде қол жиып, жасақ құрып, ұрымтал кезде қалмақтарға тұтқиылдан шабуыл жасап жүрген. 1726 жылы қазақ елінің сұлтандары, әйгілі батырлары, билері жиналып, қалмақтарға тойтарыс беру жөнінде бүкіл Қазақ жасағы құрылады. Бұл жасақтың бас қолбасшысы болып Әбілқайыр сұлтан сайланады. Қазақ батырлары Бұланты өзенінің бойында және Балқаш көлінің күнгей жағында (көлден 120 шақырымдай Аңырақай деген жерде) қалмақтың қалың қолын жеңіп шығады.

Бірақ бастары бірігіп ұлы жеңіске жеткенімен, енді бұдан былайғы билікке, жоңғарға қарсы күресті ұйымдастыру тізгініне келгенде хан, сұлтандар – Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Көкжал, Барақ өзара таласып, бір-бірімен мәмлеге келе алмай айрылысады. Бұдан кейін қазақ елі жеке-жеке хандардың, сұлтандардың иелігіндегі әлденеше ұлыстарға бөлініп, Қазақ Ордасындағы хан тағы иесіз қалды.

Қазақ әскерлері XVIII ғасырдың 20-30 жылдары ойраттар мен Цин соғысы (1728–1734) тұсында жоңғарды Оңтүстік Қазақстаннан Жоңғария мен Цин империясы шекарасына қуып шыға алды, нәтижесінде елдің оңтүстігінде біраз уақыт бейбіт өмір орнады. Алайда, 1734 жылы жоңғарлар Ұлы далаға Ақтабан шұбырындыдан кем түспейтін жойқын шабуыл бастады. Қазақ халқының кейбір аудандарын басып алуына байланысты, жоңғар ханы Ғалдан Церенге (1727–1745) біршама тәуелді болып шықты. Жолбарыс хан Ресей өкілдеріне өтініш айтып империяға арқа сүйемек болды [1, 75-б.]. 1733 жылы Жолбарыс ханның (атынан) елшілері Аралбай мен Оразкелді Кіші жүздегі Ералы сұлтанмен бірге Ресейге (Петербургке) барып, патшайым Анна Иоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сатай, Ханкелді, Бөлек сынды батырларының атынан жазылған хатын тапсырады [1, 73-б.]. 1734 жылдың 20 сәуірінде Ресей патшайымы Жолбарыс ханға грамота жолдады. Бірақ Ұлы жүз бен Ресей арасындағы бұл байланыс жер шалғайлығына байланысты жүзеге аспай қалды [3, 89-б.].

1738 жылы Орск қаласынан Ташкентке жіберілген бірінші орыс сауда керуенін Карл Миллер басқарды. Ол Кіші мен Орта жүздердің шекаралық аймағына жіберіліп, қазақ даласындағы саяси жағдайды, қазақ халқының тіршілігі мен салт-дәстүрін зерттеді. Ресейден Бетпақдала арқылы Орта Азияға барған алғашқы еуропалық саяхатшы. 1738 ж. 25 қазанда Түркістан қаласына жетіп, Әбілмәмбет сұлтанмен, Сеит сұлтанмен, Нияз батырмен, Нақыпқожамен, Ғалдан Цереннің өкілі Кашка басқа да белді адамдармен жолыққан. Ташкентте Жолбарыс ханмен, Төле бимен кездескен. Жүздескен қазақтың тарихи тұлғалары туралы күнделігінде құнды ақпарлар береді [5, 300-б.]. Сол жылы Жолбарыс хан Ташкентте болған Ресей өкілі К.Миллер арқылы Ресей бодандығын қабылдау ниетін білдіріп, Ресей патшайымына хат жолдайды. 1738 ж. 19 қыркүйекте Анна Иоанновна Жолбарыстың атына арнайы грамота жолдап, оның тілегін қабылдағанын мәлімдеген. Бірақ, сол кездегі Орталық Азиядағы халықаралық жағдайдың күрделілігі, патшалық шекара қызметкерлері Орынбор қаласында хатты ұстап қалуына байланысты көрсетілген орынға жетпеген [4, 112-б.]

Жолбарыс хан тұсында ұлы жүз руларының орыс бодандығын қабылдамағандығын орыс зерттеушісі А.И. Добромислов «Ташкент» атты тарихи очеркінен көреміз. Жолбарыс хан, Төле би сияқты белгілі тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы мәліметтер келтіре отырып, былай деп жазады: «Ұлы жүз қырғыз-қайсақтарының ханы Жолбарыс Әбілқайыр мен оның қолбасшыларына біздің үкіметтің жасаған жомарттықтарын бақылап келді. Сол себепті, 1738 жылы Орынбордағы сауда-саттыққа көмектесетін болса, көрші халықтарды да көндіретіндігін айта отырып Ресейден бодандық сұрады. Патшайым Орынбор экспедициясының бастығы В.Н. Татищевке 1739 жылы 17 шілдеде Жолбарыс ханға бағыттаған хат жібереді. Алайда, оның күні 1740 жылдың 5 сәуірінде Ташкентте намаз кезінде сарттардың пышақтап өлтіруімен, Түркістанда жерленуімен аяқтады. Сондықтан хат Шекаралық әкімшілікте қалып қойған» [14, 21-б.]. Жолбарыс ханның 1739 жылы Орта жүз сұлтаны Абылаймен тізе қоса отырып, Оңтүстік Қазақстанда жоңғар басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастыруы нәтижесінде Ташкент, Сайрам қалалары жоңғар әскерлерінен азат етілді [15, 157-б.]. Осылайша, жоңғарға қарсы сәтті шайқас және Ресеймен саяси қарым-қатынастардың қалыптаспауы себепті Жолбарыстың саясаты жүзеге аспады.

Жолбарыс ханның кісі қолынан қаза табуы және Түркістанда жерленуі

Жолбарыс ханның Ташкент қаласындағы мешітке қарсыластар қолынан 5 сәуір 1740 жылы қаза тапқаны деректерден белгілі. Дегенменен, бұл қастандықтың да ашылмаған өз құпиясы бар. «Русский архив» журналының 1888 жылғы 3-ші кітабында 1741–1742 жылдары

орыс көпестері Арасланов пен Юсуповтың Ташкентке сауда жасай барғандағы сапарнамалық естеліктері жарияланған. Авторлар былай деп көрсетеді: «Несколько лет тому назад Юлбарса не стало не знаем убит, не знаем выгнан вон от тутошних сартов. В этом темном деле главную роль играл Кусек бек, который и завладел Ташкентом». Жолбарыс ханның өлімі біраз тарихи зерттеулерде баяндалады, бірақ оны нақты өлтіргендердің аты белгісіз болатын [16]. Басқа да мәліметтерде Жолбарыс ханның «пышаққа түскен», «уланған», «жараланып, жарақаттан» қайтыс болғаны айтылады. Ал, қастандық жасаушылардың қатарында әртүрлі адамдардың айтылуы ақпараттың сенімділігіне күдікті арттыра түседі. Н. Сәдірбекұлы өзінің Жолбарыс ханның тағдырына арнаған мақаласында «Жолбарыс хан өлген соң оның құны сұралыпты, кегі алыныпты, деген дерек кездеспейді, егер жоғарыдағы А. Добромислов, П. Иванов деректерінде айтылғандай Әбілқайыр ханның туған бауыры болған болса, оның өлімі туралы естіген Әбілқайыр ханның құн алу мақсатымен бір әрекет жасауы заңды болар еді. Бірақ біз кейінгі оқиғалардан мұндайды көрмейміз» [17, 114-б.], - деп жазады. Добромисловтың қазақтардың Жолбарыс хан үшін кек алу мақсатында 1740 жылы Ташкент қаласын шабуылдауынан қаланың көп зардап шеккені, 1740 жылдың 7 сәуірінде қазақтардың Ташкент маңында Орынборға шыққан керуенді тонауы оқиғаларын Жолбарыс хан өлімімен байланыстырғанымен [14, 22-б.], жоңғар қолдауына ие болған Кусек бектің қол жетімсіз болғанын байқаймыз.

Жолбарыс хан қайтыс болғаннан соң Түркістан қаласында жерленді. Н. Сәдірбекұлы мақаласында Жолбарыс ханды Түркістандағы Ясауи кесенесіне әкеліп жерлеген ұлы жүздің Төле би мен Қойгелді батыр бастаған жақсылары, деп көрсетеді. Жолбарысханның Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде жерленгендігін бірнеше деректер растайды [17]. 1866 жылы тамыз айының соңғы аптасында Түркістанның көрікті орындарымен танысқан А.К. Гейнстің күнделігінде Абылай мен Жолбарыс бейіттері туралы мәліметтер бар. «Недалеко от Аблая похоронена другая историческая личность, хан Большой орды Юлбарс. Кажется, он поддался России одновременно с Аблаем. Императрица Анна Иоанновна дала ему грамоту на подданство, которая и находится в общем собрании законов. Могила Юлбарса закрыта резною деревянною решеткою. Около, на глиняном пьедестале навалена целая куча голов *ovis argali* с огромными рогами. Это, по словам мулл, дар, приносимый киргизами, приходящими молиться к могиле Юлбарса» [18]. Осы сипаттамаға қарағанда Ұлы жүздің ханы болған Жолбарыстың моласы ағаш пәнжарамен қоршалып, үстіне Жолбарыс ханға дұға қылуға келген адамдардың әкелген үлкен мүйізді архар бас сүйектері қойылған.

Алаштың ардақтысы Міржақып Дулатов та 1913 жылғы жазбасында Жолбарысханның Түркістанда жерленгендігі туралы былай дейді: «Қожа Ахмет Иасауи мешітінде бірнеше қазақ хандары қойылыпты. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай – 1781 жылы опат болған, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс – 1740 жылы 5 сәуірде Ташкентте мешіт ішінде сарттар өлтірген...» [19], деп жазады. 1929 жылы Жаңа әдебиет журналында жарық көрген Жүсіпбек Аймаутов кесене ішінің бөлмелерін суретеп «...оң жақтағы кішкене есіктің бірінен кірсеңіз, пеш сынды қыш үстінде жыбырлаған арқардың мүйізі (зиратшылардың байлаған әлемі). Ар жағындағы кішкене ағаш шарбақта Арыстан (Жолбарыс) ханның тікше сандықтай қабір тасы тұр» [20], - дейді. Кесене ішіндегі мешіт бөлмесіне кірер есікке қарама қарсы қабір орны – Жолбарыс хан жерленген орын. Тарихи атауы Жолбарысхан дәлізі деп аталады. 1990 жылға дейін бейіттің үстіне жолбарыстың терісі жабылып, басына арқардың мүйіздері қойылған. Қабірдің басында шырақ жағатын орны сақталған. Ал, Жолбарыс ханның кесенедегі жерленген орны туралы қосымша ақпарды О. Дастановтың еңбегінен алуға болады: «Ал тарихи деректерге сүйенсек, мавзолейдің ішіндегі бұл қабір дін иелері таратқан аңыздағы Шам шаһары патшасының емес, ұлы жүздің ханы Жолбарыстың қабірі. ...Хан аңшылықпен әуес болыпты. Қабірінің үстіндегі жолбарыстың терісі мен арқардың мүйізін соны еске

түсіру мақсатымен туыстары әкеліп қойыпты. Бұл шынында да осы Жолбарыс ханның қабірі екенін, оның кейін тұрғызылғаны да дәлелдеп тұр» [21, 34-б.] деп жазады.

Қорытынды

1993–1999 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Түркия Республикасының «Вакиф иншаат» құрылыс фирмасы күрделі реставрациялық жұмыстар жүргізді. Осы жұмыстардың барысында Жолбарыс ханның қабірі орнынан алынып, кесене ішінде жерленген тұлғалармен бірге кіші ақсарай бөлмесіне қайта жерленді. Қазіргі таңда 1990 жылдарға дейін қабір басына қойылған 14 дана арқар мүйізі (1-сурет) мен жолбарыс терісі (2-сурет), Жолбарыс ханның бас сүйегіне қарап жасалған бейнесі (3-сурет) «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорынан орын алған. Үстіміздегі жылы Қорық-музей өз жоспарында ҚазЖаңғырту мекемесімен бірге 1993 жылғы хаттамаға мен (4-сурет) және сызбаларға (5–7-суреттер) сүйене отырып, Жолбарыс хан қабірінің орнын қайта қалпына келтіру мәселесін жүзеге асыруды көздеп отыр. Аталған мәселе жүзеге асып жатса, бұл келушілер үшін Жолбарыс хан жерленген орынды тарихи қалпында көруіне мүмкіншілік берер еді.




1-сурет – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Жолбарыс хан қабіріне қойылған арқар мүйіздері




2-сурет – Жолбарыс хан қабіріне қойылған жолбарыс терісі




3-сурет – Жолбарыс ханның бас сүйегіне қарап қалпына келтірілген бейнесі




4-сурет – 10 желтоқсан 1993 жылғы хаттама



5-сурет – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Жолбарыс хан жерленген жердің сызбасы



6-сурет. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Жолбарыс хан жерленген жердің сызбасы



7-сурет – Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Жолбарыс хан жерленген жердің сызбасы

Жолбарыс ханға берілген сипаттамаларда оның кеңпейіл де кешірімпаз хан болғаны айтылады. Мұндай бағалау оның жоңғар, орта азиялық хандықтар, көрші империямен жүргізген саясатымен байланысты туған пікір болуы да мүмкін. Қалай дегенмен де, оның барлық іс-әрекетіндегі қазақ хандығын қорғау және сақтап қалу үшін жүргізген саясатының маңыздылығы мен Жолбарыс хан Абдоллаұлының тарихқа XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы тәуелсіз билеушілердің бірі ретінде енгенін көрсетеді. Біз бұл мақаламызды жаза отырып, Жолбарыс ханның өмір жолы арқылы, Керей мен Жәнібектен бастау алатын Қазақ хандығының маңызын ұлы даланың тұлғалары, тарихи тұлғаларымыз жасаған тарихпен байланыста көрсетуге тырыстық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар. – Алматы: «Золотая Книга» ЖШС, 2019. – 176 б.
2. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
3. Қазақ хандары. Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 224 б.
4. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4–23 августа 1997 г. Алматы). – Фонд Сорос-Казахстан. – Алматы: Ғылым, 1997. – С. 46–144.
5. Оловинцев А.Г., Табулдин Г.Ж. Чингизиды: династии и эпохи. – Астана: Астана, 2010. – 370 с.
6. Түркістан – руханият бесігі. – Нұр-Сұлтан: Нурнама.KZ, 2019. – 504 б.
7. Омарбеков Т. Жолбарыс хан // Ана тілі. 04 маусым, 2015.
8. [Электронды ресурс]. URL: kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ-Жоңғар_соғысы
9. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 204 б.
10. Пищулина К.А. Казахское ханство в XV в. В книге: История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 2. – Алматы: Атамұра, 1997. – 680 с.
11. Ерофеева И.В. События и люди Казахской степи. В книге: Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 296 с.
12. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингисхана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
13. История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. (Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII–XIX века). Т.6. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 516 с.
14. Добромыслов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем. – Ташкент: Электро-паровая типолитогр. О.А. Порцева, 1912. – 520 с.
15. Абылай хан. – Көкшетау: Әрекет, 2013. – 461 б.
16. Тоқтабай А. Төле би туралы тың деректер // Егемен Қазақстан. 10 қыркүйек, 2012 жыл.
17. Сәдірбекұлы Н. Жолбарыс ханның тағдыры және Ұлы жүздің дулат тайпасы. Кітапта: Памятники истории и культуры Казахстана. Возвращенное наследие Востока. – Алматы: Қазақстан, 2011. – 188 с.
18. Гейнс А.К. Путешествие по Киргизским степям. Путешествие в Туркестан. 2 тома. – Москва: Изд-во В. Секачев, 2014. – 1132 с.
19. Дулатов М. Хазірет сұлтан // Түркістан. – 2019, 7 қараша. – № 44.
20. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан // Жаңа әдебиет. – 1929. – №1. – Б. 70–81.
21. Дастанов О. «Әулиелі» жерлер туралы шындық. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 80 б.

REFERENCES

1. Turkistanda zherlengen handar men sultandar [Khans and sultans buried in Turkestan]. – Almaty: «Zolotaya Kniga» ZhShS, 2019. – 176 b. [in Kazakh]
2. Argynbaev H., Muqanov M., Vostrov V. Qazaq shezhiresi haqynda [About kazakh chronology]. – Almaty: Atamura, 2000. – 464 b. [in Kazakh]
3. Qazaq handary. Enciklopediyalyq anyqtamalyq zhinaq [Encyclopedic reference collection]. – Almaty: Qazygurt, 2015. – 224 b. [in Kazakh]

4. Erofeeva I.V. Kazahskie hany i hanskie dinastii v XVIII – seredine XIX vv. [Kazakh Khans and Khan dynasties in the XVII – middle XIX centuries] // Kul'tura i istoriya Central'noi Azii i Kazahstana: Problemy i perspektivy issledovaniya. Materialy k Letnemu Universitetu po istorii i kul'ture Central'noi Azii i Kazahstana (4–23 avgusta 1997 g. Almaty). – Fond Soros-Kazahstan. – Almaty: Gylym, 1997. – S. 46–144. [in Russian]
5. Olovincev A.G., Tabuldin G.Zh. Chingizidy: dinastii i epohi [Genghisids: Dynasties and epochs]. – Astana: Astana, 2010. – 370 s. [in Russian]
6. Turkistan – ruhaniyat besigi [Turkestan – cradle of spirituality]. – Nur-Sultan: Nurnama.KZ, 2019. – 504 b. [in Kazakh]
7. Omarbekov T. Zholbarys han [Zholbarys khan] // Ana tili. 04 mausym, 2015. [in Kazakh]
8. [Elektronnyy resurs]. URL: [kk.wikipedia.org/wiki/ Қазақ-Жоңғар_соғысы](http://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ-Жоңғар_соғысы)
9. Magauin M. Qazaq tarihnyn alipgesi [Alphabet of Kazakh history]. – Almaty: Qazaqstan, 1995. – 204 b. [in Kazakh]
10. Pishchulina K.A. Kazahskoe hanstvo v XV v. V knige: Istoriya Kazahstana (s drevneishih vremen do nashih dnei). V pyati tomah. Tom 2 [Kazakh Khanate in the XV century. In the book: The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. – Almaty: Atamura, 1997. – 680 s. [in Russian]
11. Erofeeva I.V. Sobytiya i lyudi Kazahskoi stepi. V knige: Nauchnoe znanie i mifotvorchestvo v sovremennoj istoriografii Kazahstana [Events and people of the Kazakh steppe. In the book: Scientific knowledge and myth-making in modern historiography of Kazakhstan]. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 296 s. [in Russian]
12. Sultanov T.I. Podnyatye na beloi koshme. Potomki Chingiskhana [Raised on a white carpet. Descendants of Genghis Khan]. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 276 s. [in Russian]
13. Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah XVI–XX vv. (Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdках po yuzhnym kazahskim stepyam. XVIII–XIX veka) [The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVII-XX centuries. (Travel diaries and memos about trips to the Southern Kazakh steppes. XVII-XIX centuries)]. T.6. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 516 s. [in Russian]
14. Dobromyslov A.I. Tashkent v proshlom i nastoyashchem [Tashkent in the past and present]. – Tashkent: Elektro-parovaya tipolitogr. O.A. Porceva, 1912. – 520 c. [in Russian]
15. Abylai han [Abylai khan]. – Kokshetau: Areket, 2013. – 461 b. [in Kazakh]
16. Toqtabai A. Tole bi turaly tyn derekter [New facts about Tole bii] // Egemen Qazaqstan. 10 qyrkuiek, 2012 zhyl. [in Kazakh]
17. Sadirbekuly N. Zholbarys hannyn tagdyry zhane Uly zhuzdin dulat taipasy. Kitapta: Pamyatniki istorii i kul'tury Kazahstana. Vozvrashchennoe nasledie Vostoka [The fate of Zholbarys Khan and the Dulat tribe of the Great zhuz. In the book: History and culture of Kazakhstan. The restored legacy of the East]. – Almaty: Kazakhstan, 2011. – 188 s. [in Kazakh]
18. Geins A.K. Puteshestvie po Kirgizskim stepyam. Puteshestvie v Turkestan toma [A journey through the Kyrgyz steppes. Travel to Turkestan]. 2 toma. – Moskva: Izd-vo V. Sekachev, 2014. – 1132 s. [in Russian]
19. Dulatov M. Haziret sultan [Hazrat Sultan] // Turkistan. – 2019, 7 qarasha. – № 44. [in Kazakh]
20. Aimauytov Zh. Aziret Sultan [Azret Sultan] // Zhana adebiet. – 1929. – №1. – B. 70–81. [in Kazakh]
21. Dastanov O. «Aulieli» zherler turaly shyndyq [The truth about the «holy» lands]. – Almaty: Qazaqstan, 1967. – 80 b. [in Kazakh]